

Сібір Федералды округінің Чемпионаты

Автор: Administrator

Tuesday, 16 February 2016 07:17 -

2016 жылғы 13-14 ақпан аралығында Ресей Федерациясының Омбы қаласында Сібір Федералды округінің Чемпионаты өтті. Аталған ірі Чемпионатқа Ресей Федерациясындағы Краснояр өлкесі, Новосибирск облысы, Кемер облысы, Иркутск облысы, Алтай өлкесі, Забайкал өлкесі, Томск облысы, Бурятия Республикасы және Хакасия Республикасының 350-тен астам қаратистері қатысты. Чемпионаттың бас төрешісі Мәскеу қаласындағы "Сэйкен" спорттық клубының президенті, Ресей Федерациясының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Карэн Гядукян болды. Сондай-ақ, оның оқушысы 2011 жылы Әлем Чемпионына ие болған Тариел Николеишвили Чемпионаттың қадірлі қонағы болды. «Жігер» спорттық клубының спортшылары қатысып, 65 кг дейін юниорлар арасында Темирлан Жанибеков «Ең үздік техника» арнайы сыйлығына ие болды. Жанибеков Темирлан, Шаханов Мухтар алтын жүлделерге иеленді. 3 орынды Муратова Аяулым алды.

Шын жүректен спортшылар мен жаттықтырушыларымызды құттықтаймыз!



Сібір Федералды округінің Чемпионаты

Автор: Administrator

Tuesday, 16 February 2016 07:17 -

